



ҚАЙ МАМАНДЫҚ
ҚАТ БОЛЫП ТҮР?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖЕҢІС ТЫЛЫ –
ҚАЗАҚСТАН

6-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ



ТЕКТИНІҢ ҚАСИЕТІН
ЖОҒАЛТПАЙЫҚ...

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

“”

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
ҚР ТҮҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ:

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ

30

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МҰРАҒА БОС ҚАЗЫНА МЕН ГИПЕРИНФЛЯЦИЯ, ЖАППАЙ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ, КЕДЕЙШІЛІК ЖӘНЕ БАСҚА ДА АУЫР ПРОБЛЕМАЛАР ҚАЛДЫРҒАН КЕҢЕСТІК ӘКІМШІЛІК-КОМАНДАЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҮЙІНДСІНЕН БОЙ КӨТЕРДІ. БІЗ ЕНДІ ҒАНА БҮРШІК ЖАРА БАСТАҒАН ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҚАТЕР ТӨНДІРЕТІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПАТТЫҢ АЛДЫНДА ТҮРДЫҚ. СОЛ КЕЗДЕ БІЗ БЕТПЕ-БЕТ КЕЛГЕН ДРАМАТИЗМГЕ ТОЛЫ ТАРТЫСТЫ ЖАҒДАЙ ҰЗАҚ ОЙЛАНЫП-ТОЛҒАНУҒА ДА МУМКІНДІК БЕРМЕДІ. ЭКОНОМИКАНЫҢ ЕСІН ЖИҒЫЗУ ЖАН САҚТАУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ АМАЛЫ БОЛДЫ. МӘСЕЛЕ ШЫН МӘНІНДЕ СОЛАЙ ЕДІ. МЕМЛЕКЕТ БҮКІЛ КҮШ-ЖІГЕРІН ЭКОНОМИКАҒА ЖҰМЫЛДЫРЫП, СОЛ ТАРИХИ ШАЙҚАСТА ЖЕҢІП ШЫҚТЫ. БІЗДІҢ АЛҒАШҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАБЫСТАРЫМЫЗ МАҢЫЗДЫ СЯСИ БАСТАМАЛАРҒА ҚАЖЕТТІ СТАРТ АЛАҢЫН ДАЯРЛАДЫ.

№73
(4197)

Бейсенбі
24 маусым
2021 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-СЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ЕКПЕ АЛУШЫҒА – ЕРЕКШЕ ҰСЫНЫС

Қала әкімдігі «MEGA Silk Way» сауда, ойын-сауық орталығы және «Астана Моторс» компаниясымен бірлесіп «Вакцина ал – машина ұтып ал» акциясын бастады.

23 маусымнан басталып, 31 тамызға дейін жалғасатын шара аясында «MEGA Silk Way» сауда, ойын-сауық орталығында коронавирусқа қарсы вакцинаның бірінші компонентін алғандар «Hyundai Accent» маркалы автокөлікті ұтып ала алады. Финалдық ұтыс ойынын 5 қыркүйек күні «MEGA Silk Way»-дың Instagram парақшасында тікелей эфирде өткізеді. Сонымен қатар апта сайын тұрмыстық техника, түрлі сертификаттар ойнатылады.

ПОЙЫЗДАР ЖИЛІГІ АРТТЫ

Жолаушылар пойыздарының қатынауы жиіледі.

№68/67 «Нұр-Сұлтан «Нұрлы жол» – Өскемен-1» бағытындағы пойызы Нұр-Сұлтан қаласындағы «Нұрлы жол» теміржол бекетінен 23 маусымнан бастап күн сайын жүреді. №351/352 «Алматы-2 – Өскемен-1» пойызы күн-ара қатынаудың орнына Алматы-2-ден 23 маусымнан күн сайын қатынайды. Жолаушылар пойыздарының қозғалыс кестесі бойынша барлық өзекті ақпаратты 105 нөмірі бойынша, билет.railways.kz сайтынан әрі «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ аккаунтарынан алуға болады.



ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫНА – ЖАҢА КӨЛІК

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Қазақстан полициясы күнінде жергілікті полиция департаментіне су жаңа 30 автокөліктің кілтін табыс етті. Тәртіп сақшыларын кәсіби мерекесімен құттықтаған қала әкімі полиция қызметкерлерінің қазіргідей қиын кезеңдегі жанкешті еңбегін ерекше атап өтті.

2



ЕРІКТІЛЕР – АЛДЫҒЫ ҚАТАРДА


Нұр-Сұлтан қаласы волонтерлер штабының 30 мүшесі Abu Dhabi Plaza сауда, ойын-сауық орталығындағы вакцинациялау пунктінде COVID-19-ға қарсы екпе алды. Қалалық жастар орталығының жанынан құрылған штаб мүшелері үнемі халықтың арасында жүріп, әлеуметтік еріктілік қызмет көрсетеді.

– Біздің штабтың 2000-ға жуық мүшесі бар. Бүгінде олардың жартысынан көбі екпе алды. Осы әрекетімізбен біз жастарды өзінің және өзгенің саулығына жауапкершілікпен қарауға шақырамыз. Сондай-ақ көпшілікті екпе алуға үндеу мақсатында әлеуметтік желіде түрлі бейнероликтер, посттар жариялап тұрамыз. Біздің штаб мүшелері пандемия кезінде әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік

себеттерін таратумен айналысты. Қазір де елордалық еріктілер мұқтаж жандарға көмек қолын созуға дайын, – дейді штаб мүшесі Бахтияр Есентаев.

Abu Dhabi Plaza сауда, ойын-сауық орталығындағы вакцинациялау пунктінде 22 сәуірден бері қызмет көрсетеді. Мұнда екпе алғандар арасында түрлі байқаулар да тұрақты ұйымдастырылып тұрады.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен қала күніне арналған «Елорда – өнер өлкесі» атты Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан театрларының шығармашылық кездесуі аясында ақын, драматург Қанат Жүнісовтің Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігін арқау еткен «Жеңіс жалауы» әскери музыкалық спектаклі көрсетілді.



12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

№73 (4197) 24/06/2021 Бейсенбі

ЕЛБАСЫ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңестің отырысы өтті.

Жиында кеңес шешімдерінің орындалу нәтижелері бойынша баяндамалар тыңдалып, қордың болашақ инвестициялық жобаларының бағыттары талқыланды.

Өз кезегінде Нұрсұлтан Әбішұлы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы басқармасының жұмысына оң баға берді. Дүниежүзілік дағдарыстың Қазақстан экономикасына әсеріне қарамастан, қор өткен жылды табысты аяқтағаны айтылды. Сондай-ақ қордың пандемия жағдайында Үкімет ұлттық экономиканы қолдау үшін барлық тетіктерді белсенді әрі тиімді пайдаланып жатқанын да тілге тиек етті.

Кеңес барысында «Қазмұнай-газ» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы басшыларының есебі тыңдалып, жауаптыларға бірқатар нақты тапсырма берді.

ПАРЛАМЕНТ

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысында сенаторлар «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қарады.

Заң жобасы қашықтан жұмыс істеуді құқықтық реттеуге бағытталған. Осы құжатты қабылдағаннан кейін қызметкерлер жұмыс берушімен келісім бойынша қашықтан жұмыс істей алады. Жұмыс беруші қашықтан жұмыс істеуді немесе аралас қашықтан жұмыс істеуді төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген, төтенше жағдай, карантин жарияланған кезеңде және басқа да жағдайларда уақытша белгілеуге құқылы.

Сондай-ақ заң аясында жұмыс беруші қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлерін қажетті жабдықтармен, ақпараттандыру объектілерімен, байланыс қызметтерімен және басқа құралдармен қамтамасыз етуге міндетті болады. Ал жалақы еңбек шартында көрсетілген жұмыс көлемін орындау кезінде толық мөлшерде төленуі керек.

ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында бәсекелестікті дамыту мәселелері қаралды. Жиында Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин 4 кодекс пен 6 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатқан Бәсекелестікті дамыту мәселелері жөніндегі заң жобасын таныстырды.

Жобада ұсынылған шараларды іске асыру таяу келешекте мемлекеттің ел экономикасындағы қатысу үлесін 14 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Премьер-министр бәсекелестікті дамыту біржылдық сауда құралдарын тарату және негізгі инфрақұрылымдық қуаттарға қол жеткізу шарттарын кеңейту арқылы жүзеге асырылуы тиіс екенін атап өтті. Үкімет басшысы мемлекеттік және жеке операторлардың түрлі салалардағы қызметін реттеу нормаларын қайта қарау қажеттігін атап өтті.

ӘКІМДЕРГЕ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерімен ауыл әкімдерін сайлау мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Жиынға Президент Әкімшілігі мен Үкіметтің басшылық құрамы да қатысты.



Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы бастаманы бытырғы Жолдауында көтергенін еске салды. Бір жылға жетер-жетпес уақыт ішінде бұл жұмыс жүзеге асырыла бастады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқының 40 пайыздан астамы ауылда тұратынына тоқталып, бұл саяси шара, ең алдымен, ауыл тұрғындарының мүддесі үшін жасалуы қажеттігін айтты. Партиялық бәсеке күшейту мәселесіне назар аударды. Партиядан үміткер ұсыну мемлекеттің институционалдық тұтастығын бекемдігі түседі және саяси үдерістің барынша ашық болуына септігін тигізеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жергілікті атқарушы биліктің жауапкершілігі жоғары болуға тиіс екеніне баса мән беріп, өңір басшыларына бірқатар міндет жүктеді. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың әлі де күрделі екеніне назар

аударды. Оның айтуынша, Қазақстанның «жасыл аймақта» тұрғанына қарамастан, босаңсуға әлі ерте, коронавирустың үндістандық түрінің біздің елімізде де болуы ықтимал.

Осыған байланысты Президент санитарлық-эпидемиологиялық шектеулердің жиі бұзылып жатқанын және халықты вакциналау қарқынының бәсеңсіп қалғанын айтты.

– Әкімдер азаматтарға екпе салу науқанынан шеттеп қалған сияқты. Әлеуметтік нысандардың, бизнес кәсіпорындардың және жалпы елдің экономикасы вакциналаудың сәтті жүргізілуіне тікелей байланысты екенін түсіну керек. Қазір жаппай вакциналау науқаны әкімдер жұмысының ең маңызды міндеттерінің қатарында болуы қажет. Сіздер барынша белсенділік танытып, азаматтарды вакциналау науқанын өздеріңіз жетекші етулеріңіз керек, – деді Президент.

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫНА – ЖАҢА КӨЛІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Құрметті полиция қызметкерлері, сіздер қиын да қауіпті салада қаймықтастан абыройлы қызмет атқарып келесіздер. Жауапкершілікті жіті сезініп, қоғамдық қауіпсіздікті сақтауда мінсіз қызмет үлгісін көрсетіп жүргендеріңізді ерекше бағалаймыз. Әсіресе, індет кезінде шыбын жанды шүберекке түйіп, талай ерлік көрсеттіңіздер. Нұр-Сұлтан қаласы ПД қызметтік автокөліктер паркі «Hyundai Elantra» және «Hyundai Tucson» маркалы отандық өндірістің 30 автокөлігімен толықты. Жыл соңына дейін тағы 11 автокөлік тапсырылады. Халықпен жұмыстың сервистік моделін енгізу Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Полиция қадамдық қолжетімділікте» қағидаты бойынша жүзеге асады. Осы жоба аясында қала аудандары мен тұрғын үй массивтерінде 16 заманауи модульдік полиция бекетін орнатамыз. Бұдан бөлек, Есіл ауданы полиция басқармасының жаңа әкімшілік ғимараты ашылған болатын. Сонымен қатар биыл ұчаскелік полиция пункттеріне жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Мереке қарсаңында ішкі істер органдарының қызметкерлеріне сыйақы бері үшін 130 миллионнан астам теңге бөлінді. Алдағы уақытта қызметтеріңіз абыройлы болсын! Отбасыларыңызға амандық, жұмыста табыс тілеймін!» деді Алтай Көлгінов.

Аталған көліктердің барлығы тұтастай заманауи құралдармен жабдықталған. Дыбыс күшейткіш қондырғысы мен радиосы бар. Жылдамдықты дәл анықтауға және көлік пен жүргізушіге қатысты мәліметтерді дер кезінде біліп отыруға мүмкіндік береді. Жаңа көліктер тұрғындармен қоян-қолтық жұмыс істейтін жол-патрульдік қызметіне, сондай-ақ полицияның ұчаскелік инспекторларына берілді.

Сонымен қатар салтанатты шара барысында қызметке көзге түскен тәртіп сақшылары алғаш хаттармен марапатталды. «Қандай қылмыс болса да оқиға болған орынды лентамен қоршап, өзге адамдардың лентамен қоршалған жерге кірмеуін қамтамасыз етеміз. Себебі айғақ заттар мен аяқ іздерін басып кетпеуін қадағалаймыз. Сол жерден айғақ заттар мен дәлелдемелер жинаймыз. Бүгін еңбек жолыма бірінші рет өкімнің қолынан алғаш хат алдым. Қазір пәтер жалдап тұрамыз, басыбайлы баспанамның болғанын армандаймын. Дегенмен ол күннің де ауылы алыс емес сияқты» деді Есіл аудандық полиция басқармасы жедел-криминалистика бөлім бастығының орынбасары Олеса Кузьменко. Қазақстан полициясы күні – бұл қазақстандық полицияны құрған ардагерлер мен оның қатарында еңбек ететін қызметкерлерге алғаш білдіріп, елдің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін бейбіт күнде өз өмірін құрбан еткен полицейлерді еске алатын күн.



Індет кезінде халықтың тыныштығын, қауіпсіздігін қамтамасыз еткен полиция қатары аз емес. Соның бірі – Нұр-Сұлтан қаласы патрульдік полиция полкының қызмет инспекторы, полиция аға лейтенанты Руслан Өтеков.

«Осы салада жүргеніме 10 жыл болды. Біздің жұмысымыз – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Елімізде полицейлерге жеткілікті деңгейде көңіл бөлінген. Жалақымыз жылдан-жылға өсуде. Бұған дейін осы қызметіміңіз арқасында баспаналы болдым. Бүгін өкімнің қолынан су жаңа автокөліктердің кілттерін алдым. Әр ма-

мандықтың өзіне тән қиындығы болады ғой, ал біздің қызмет батылдығы, жауапкершілігі, сабырлықты талап етеді. Халыққа, қиналғанға көмектесу – басты міндетіміз. Күніне сан түрлі оқиғалардың ортасына барамыз, тәртіп сақшысының бөлек психолог та бола білу керек. Алдағы уақытта осы салада жүріп, халқыма адал қызмет еткім келеді. «Генерал болуды армандаймын солдат – солдат емес» деген қанатты сөз бар, менің де арманым осы. Барша полиция қызметкерлерін мерекемнен шын жүрекпен құттықтаймын!» деді ол.

ЕКПЕ – КҮРЕСТІҢ ЕҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

Нұр-Сұлтан қаласында «дельта» штамы инфекциясының алғашқы жағдайы тіркелді. Осы орайда қала әкімі Алтай Көлгінов қала тұрғындары мен қомақтарын вакцина алуға шақырды.

«Өткен тәуліктің өзінде коронавирустың инфекциясының 413 жағдайы анықталды. Мыңнан астам адам инфекциялық стационарларда ем алуда. Реанимация бөлімінде 100 науқас жатыр. Ондағы 21 адамға өкпені жасанды желдету аппараты қосылған. Медицина қызметкерлеріне артылған жүктеме бірнеше есе өсті.

Қазір ғылымға қарсы тұратын уақыт емес. Ғылымның көмегімен жыл сайын жер бетіндегі миллиондаған адам денсаулығын сақтап, аман қалады. Ғылым ғана адамды жаңа, қауіпті вирустар мен

инфекциялардан сақтануға көмектеседі. Шұғыл түрде вакцина алу қажет! Вакцинация арқылы өзіңізді, отбасыңызды және айналаңыздағы жұртты қорғай аласыз. Егер коронавирус инфекциясының жұқтыру көрсеткіші азаймаса, қала тұрғындары мен ШОБ нысандары қатаң санитарлық нормаларды сақтамайтын болса, локдаунға қайта оралуымызға тура келеді» деді Алтай Сейдірұлы Instagram парақшасындағы жазбасында.

Шаһар басшысы санитарлық талаптардың сақталмауынан карантиндік

шектеу шараларының қатаңдатылатынын да айтты. Бұл орайда ең әуелі тәуекел тобындағы азаматтар міндетті түрде вакцина алуы қажет. Әсіресе қызмет барысында күнделікті адамдармен тікелей байланыста болатындар өзінің және өзгенің денсаулығы үшін екпе салдырғаны жөн. Сәйкесінше қызметкерлері вакцина алмаған нысандардың жұмысы тоқтатылады.

Вакцина алған қызметкерлер жұмысын қалыпты режимде жалғастыра береді. Ал екпе алмаған қызметкерлер қашықтан

жұмыс істеу және оқу форматына көшеді. Ashyq жобасына қатысушы кәсіпкерлердің өз қызметкерлерінің вакцинацияланған жағдайда ғана жұмыс істей алады.

«Бұл шаралардың бәрі де қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін жасалып отыр. Вакцинация арқылы ұжымдық иммунитет қалыптасып, қала шектеусіз қалыпты өмірге орала алады. Ең бастысы, өзіңіздің және өзгелердің өміріне, денсаулығына жауапкершіліктің қаныққан. Вакцина арқылы біз қиын кезеңнен өтеміз» деді Алтай Көлгінов.

ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



МӘСКЕУ

Мәскеуде қызмет көрсету, медицина және білім беру мекемелері қызметкерлерінің кемінде 60 пайызы екпе алуға міндетті. Қазір қаладағы балаларға арналған бірқатар мекемелер мен фудкорттар қызметін тоқтатты. Мейрамханаларға түнгі уақытта жұмыс істеуге тыйым салынды. Футболдан Еуропа біріншілігінің ойындары көрсетілген жанкүйерлерге арналған аландар да жабылды. Дәрігерлер дертке, негізінен, 20 мен 29 жас аралығындағы жастардың көптеп шапдығын жатқанын айтады. Олар дерттің дендеуін тез жұтатын үнді штамының таралуымен байланыстырады.



АНКАРА

Анкарада 1 шілденен бастап карантин тәртібі жеңілдеп, бірқатар шектеулер алынады. Ел президенті Реджеп Тайип Ердоған күнделікті коменданттық сағат пен жексенбілік локдаун енгізілмейтінін мәлімдеді. Бұдан бөлек, қалааралық қоғамдық көліктердің жұмысы жанданып, мемлекеттік мекемелер қалыпты жұмыс режиміне көшпек. Музыкалық кештерге арналған шектеу 00:00-ге дейін ұзартылады. Бұл орайда Түркия билігі 18 жасқа толған әрбір азаматты екпе алуға шақырады.



«САҚАЛДЫ» ҚҰРЫЛЫСТАР СЕРПІН АЛАДЫ

Жыл соңына дейін елордада құрылысы ұзаққа созылған 50-ден астам тұрғын үй пайдалануға беріліп, 7 мыңнан астам үлескер көптен күткен қоныстойын тойламақ. Тұрғын үйлердің кейбірінің іргетасы 17 жыл бұрын қаланса да әлі күнге дейін пайдалануға берілмеген. Бұл жайында қала әкімі Алтай Көлгіновтің тұрғын үй құрылысы кооперативтері төрағаларымен кездесуінде айтылды.



«Қалада ұзақ уақыттан бері салынып келе жатқан құрылыстарды аяқтау мақсатында жүйелі жұмыстарды жалғастыра береміз. Құрылысы аяқталмаған көптеген тұрғын үй кешендерінің бірінде тек қазандығы, ал екіншісінде апатты жағдайдағы қаңқасы ғана бар. «Сақалды» құрылыс нысандарының бәріне толық тексеру жүргізілді. Қалада 2019 жылы жазда осындай жағдайда тұрған, проблемасы шешілмеген 52 нысан болса, сол жылдың соңына дейін біз 10 құрылыс нысанын пайдалануға бердік. 2020 жылы осындай 20 нысанның құрылысы аяқталып, тұрғындар көптен күткен баспаналарына қоныстанды. Жыл соңына дейін осындай 50-ден астам тұрғын үйдің құрылысын аяқтап, пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз» деді қала әкімі.

Қалалық полиция департаментінің бастығы Е.Саденов, прокуратура өкілдері, қала әкімдігіне қарасты басқармалар мен мемлекеттік органдар басшылары қатысқан жиында тұрғын үй құрылысы кооперативтері қызметіне араласпау, ресми мойындалған кооперативтермен жұмыс істеу, типтік келісімшарттарды міндетті тіркеуден босату мәселелері сөз болды. Бұдан бөлек, саладағы кейбір өзекті мәселелердің шешімін табуға «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы да бастама көтерілді.

БАЛАЛАРДЫ АСПАЗДЫҚҚА БАУЛЫДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі «Muskat food» аспаздық студиясының директоры Дильназ Юлановамен бірлесіп, қайырымдылық шарасын қолға алды. Акцияның алғашқы күнінде көпбалалы отбасыдан шыққан 15 балғын аспаздықтың қыр-сырымен танысып, пицца пісіруді үйренді.

naima.kz.2012@bk.ru

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

«Қайырымдылық шарасы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында «30 игі іс» ұранымен «Қайырымдылық істер марафоны» жобасы аясында өтуде. Бұл – кәсіпті игерген қазақ қыздары ұйымдастырған игі шара. Себебі білікті аспаз, кәсіпкер Дильназ Юланова көпбалалы отбасылардың балаларына ас әзірлеуден тегін шеберлік сабағын ұйымдастыруды ұсынды. Игі істі біз де қолдадық. Бұл шараның маңызы зор, карантин жағдайында балалардың жазғы демалысын қызықты өткізу үшін септігін тигізеді деген ойдамын. Елордадағы эпидемиологиялық ахуалға байланысты шараны онлайн форматта жалғастыру жоспарда бар. Жалпы бастаған ісіміз аяқсыз қалмайды, шара жалғасын табады» деді Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің басшысы Агерке Жұманбаева.

Балалармен жұмыс істеу қиындық тудырмайтынын айтқан «Muskat food» аспаздық студиясының директоры Дильназ Юланова алдағы уақытта аналарға арналған шеберлік сабақтарын ұйымдастыратынын жеткізді.

«Менің негізгі мамандығым мұғалім болғандықтан балалармен тіл табысу оңай. Бүгінгі шараға көпбалалы, жалғызбасты



отбасыдан шыққан 4-15 жас аралығындағы балғындар қатысып отыр. Балалар пиццаның түр-түрін пісіріп, тәттілерге қарық болды. Олар қуанса, өзімді бақытты сезінемін. Шараны әр апта сайын қыркүйек айына дейін жалғастыру жоспарда бар» деді ол.

Бүгінгі кештің қонағы Томирис Асқарова 15 жаста. Ол қазірден тәтті әзірлеудің қыр-сырымен танысып, болашақта өз

кәсібін ашуды армандайтынын айтты.

«Бұл шара туралы хабарды әлеуметтік желіден көрдім. Мен болашақта аспаз болғым келеді. Сол мақсатымды орындау үшін қатысып отырмын. Бүгін бұрын білмеген, естімеген ақпараттар алдым. Мастер-класстар жиі ұйымдастырылса жақсы болар еді. Алдағы уақытта тәтті торт пісіруді үйренгім келеді» деді ол.

ТЕЗІРЕК, БИГІРЕК, МЫҚТЫРАҚ!

Елордада Халықаралық Олимпиада күніне орай урбан-спорт мерекелік фестивалі ұйымдастырылды. Қазақстан ұлттық Олимпиада комитеті маусым айын тұтастай олимпиадалық құндылықтарға арнады. Бұл ай халықаралық және Қазақстан олимпиадалық қозғалысының «Біз біргеміз! Тезірек, биігірек, мықтырақ – бірге» ұранымен өтті.



Шара аясында Олимпиада жолдамасының иегерлері Кирилл Герасименко мен Анастасия Лаврова елордалық бұлдіршілерге арнап шеберлік сабағын өткізді. Мұндай шеберлік дәрістер еліміздің әр аймағында ұйымдастырылды. Мәселен, Петропавлда Олимпиада чемпионы Александр Винокуровтың қатысуымен веложарыс өтсе, Өскеменде Ольга Рыпакованың қатысуымен жеңіл атлетикалық жарыстар ұйымдастырылды. Ақтау қаласында

боксшы Әділбек Ниязымбетов пен Айбек Имашев бокс және дзюдодан шеберлік сабақтарын өткізді. Токио Олимпиадасының басталуына тура бір ай қалғанда өткізілген мерекені қазақстандықтар Qazsport телеарнасы тікелей эфирден тамашалады.

Айта кету керек, қазіргі таңда қазақстандық спортшылар Токио Олимпиадасына спорттың 26 түрінен 72 жолдама жеңіп алды. Олардың алғашқы құрамы 16 шілде күні Токиого аттанады.

ТОКИО

Токиода өтетін Олимпиада ойындарын тамашалау үшін әр стадионға 10 мың жанкүйер кіргізуге рұқсат етілді. Мұндай мәлімдемелі Халықаралық Олимпиада комитетінің өкілдері жариялады. Сақтық үшін спорттық шаралар өтетін трибуналар тек жартылай ғана толы болуы тиіс. Эпидемиологиялық ахуалға байланысты спорттық кешендерге кіргізілетін көрермен саны бұдан да қысқаруы мүмкін. 4 жылда бір әлем елдерінің назарын өзіне аударатын Олимпиада ойындарының алауы 23 шілдеде тұтанып, сайыстар 8 тамызға дейін жалғаспақ.



БЕРЛИН

Берлинде өткен климаттық конференцияда Audi компаниясының өкілдері автозауыттың биылғы электромобильдерді көбірек шығаруды жоспарлап отырғанын айтты. Ал компания 2026 жылы нарыққа тек электромобильдерді шығара бастайды. Осылайша автоконцерн алдағы 12 жылда дәстүрлі автомобильдердің өндірісінен бас тартпақ. 2025 жылға қарай Audi желісінде электромобильдердің 20-дан астам моделі болады деп күтілуде.



ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ



– Қала маңындағы елді мекендерді инженерлік-инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, оларды дамыту мәселелері қаншалықты жолға қойылған?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Қазір қала маңындағы 16 елді мекенде 300 мыңға жуық адам тұрады. Сәйкесінше елорданың әрбір төртінші тұрғыны тұратын аумақтар қала билігінің назарынан шет қалмайды.

Мәселен, қала маңындағы «Көктал-1» елді мекені тұтастай газбен қамтамасыз етілді. Елді мекендегі №40 мектеп-лицей аумағында 1000 оқушыға арналған білім беру мекемесі салынды. Елді мекен тұрғындарының бос уақытында серігіп, бой жазуына арналған 2 қоғамдық кеңістік бой көтереді. Мұнда тұрғындардың спортпен айналысуына да лайықты жағдай жасалады.

Өткен жылы «Көктал-1» елді мекенінде аумағы 15 гектар болатын парк салынды.

Жалпы Мемлекет басшысының тапсырмасына сай елді мекендерді дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, бытыр шет аумақтарда 100 көше төселіп, жалпы ұзындығы 345 шақырым болатын газ құбыры тартылды. Қала маңындағы үш елді мекен тұрғындары газға қосылуға мүмкіндік алды. Жыл соңына дейін тағы 7 елді мекен газға көшірілмек. Елді мекендерде 13,5 шақырым болатын инженерлік желі, 5 шақырымдық кәріз желісі және су құбыры тартылды. Ұзындығы 3 шақырым болатын нәсер кәрізі пайда болды.



АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Аблай ЖҰМАН, елорда тұрғыны:

– Биыл арнаулы орта білім беру мекемесіне түсуді жоспарлап отырмын. 2021-2022 оқу жылында колледждерге түсудің ережесінде өзгерістер бар ма?

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Римма Иманғазина жауап берді:

– Бұрын мемлекеттік тапсырыс бойынша бекітілген орындарға – колледждерге қабылдау жүргізілсе, қазір жаңа тетік бойынша – талапкерлердің өздері оқу орны мен мамандықты таңдайтын болады. Яғни мемлекеттік тапсырыс талапкердің таңдау қорытындысы бойынша орналастырылады. Бұл мемлекеттік тапсырысты бөлудің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Тағы бір жаңашылдық ретінде түлектердің лайықты мамандық таңдауға септігін тигізетін жаңа платформаның іске қосылуын айтуға болады. Мектеп түлектерінің бәріне ақпараттық жүйе арқылы кәсіби диагностикадан өту мүмкіндігі берілді. Нәтижесінде талапкерге белгілі бір орны мен мамандықты таңдау ұсынылады. Яғни мамандықтан мамандықтардың карталарымен танысады. Кәсіби диагностикалық қорытындысы ұсынымдық сипатқа ие және мамандық таңдау кезінде септігін тигізеді.



АСТАНА АУДАНЫ

Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыруымен мемлекеттік қызметшілер мен Қазақстан полициясы күніне орай «Көктал» саябағында спартакиада өтті. Сайысқа жергілікті атқарушы орган өкілдері, құқық қорғау, азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлерінен жасақталған 6 команда қатысты. Олар спорттың волейбол, футбол және үстел теннисі бойынша күш сынасты.

Сайыс қорытындысы бойынша волейболдан Сарыарқа ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, ал футболдан Сарыарқа ауданы бойынша Төтенше жағдайлар басқармасы І орынды жеңіп алды.

Үстел теннисі бойынша әйелдер арасында Сарыарқа аудандық сотының қызмет-

кері Салтанат Қашқынбаева қарсыластарын қапы қалдырса, ерлер арасында Сарыарқа аудандық Төтенше жағдайлар басқармасының қызметкері Сүйіндік Сарбасов жүзден жүйрік атанды.

Барлық командалар грамота, медаль және кубокпен марапатталды.



Өңір өмірі

Солтүстік Қазақстан облысында 93 жастағы еңбек ардагері Әнуарбек Жақыпов коронавирусқа қарсы вакцина алды.

Ақсақал Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Петерфельд ауылында тұрады. Өзінің және өзгенің өмірі үшін екепке салдыруға шешім қабылдаған Әнуарбек «Науат-Вах» вакцинасы егілген. Вакцина алған соң өзін жақсы сезінетінін айтқан Әнуарбек Жақыпов көпшілікті

екепке қабылдауға шақырып, мұның жалпыға ортақ иммунитет қалыптастырудағы маңызы қадам екенін тілге тиек етті.

Бүгінге дейін СҚО-да вакцинаның 1-компонентін 90816 адам алса, толық вакцинациядан өткендердің саны 62431 адамға жетті.

№73 (4197) 24/06/2021 Бейсенбі

ҮНДІ ШТАМЫ ҮРЕЙЛІ МЕ?

«Қызыл аймақта» жалғыз қалған елордада коронавирустың үнді штамның анықталуы жығылғанға жұдырық болды. Коронавирус жұқтырған науқастардың зертханалық сынамаасына ПТР-скрининг жүргізгенде «дельта» немесе үнді штамна тән мутация шықты. Сөйтіп бас қалада шектеу шараларын күшейту қажеттілігі туындады. Себебі жаңа штамның жұқпалылығы бұрынғысынан 60 пайыз жоғары, жылдам өршиді және салдары анағұрлым ауыр.



ray77781@mail.ru

Райхан РАХМЕТОВА

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сүйенсек, SARS-CoV-2 «дельта» штаммы әлемнің 74 елінде анықталған. Бұл мутацияны жұқтырғандардың буындары мен іші қатты ауырады, жүрегі айнып, локиды. Тіпті есту қабілетін жоғалтып, аяқта микротромбоздың пайда болуына әкелуі мүмкін екен. Алдыңғы түрі 1 адамнан 3-4 адамға таралатын болса, бұл штамм 5-6 адамға бірден жұғады және инкубациялық кезеңі қысқа, яғни жұқтырған адам ауру екенін 14 күнде емес, 7 күнде біледі. Соңғы зерттеулерге қарағанда, коронавирустың үнді штаммы жұқтырғандардың ауруханаға түсуі мен олардың арасында өлім-жітімнің жиілеуі қатты байқалып отыр. Үндістанның өзінде не болып жатқаны баршаға мәлім. Жағдайдың ушыққаны сондай, мамыр айында коронавирустан көз жұмып жатқандар саны бойынша әлемдік рекорд орнаған. Бір күнде қайтыс болғандар қатары 4200-ден асып кетті. Үнді штаммының қауіп туралы дәрігерлер ерекше ескертіп

айтады. Медицина ғылымдарының докторы Дмитрий Еделева айтуынша, Қазақстан мен Ресей аймағында осы күндері белең алған коронавирустың үнді штаммының бұрынғы штамдарға қарағанда қауіп жоғары. «Оны емдеу қиын және ең қиыны – осыған дейінгі штамдарға қарсы қалыптасқан антиденелерге төзімділігі. Сондықтан коронавируспен ауырып шыққандар да, вакцина салдырғандар да қайта ауруы мүмкін. Тек вакцина салдырғандар жеңіл ауырады» дейді ол.

ЕЛОРДАДА ҚАЛАЙ АНЫҚТАЛДЫ?

Нұр-Сұлтан қаласында коронавирус жұқтырғандар санының күрт өсуіне байланысты қосымша тексеру үшін 54 науқасты сынама алынған. «Олардың 56 пайызында үнді штаммы бар екені алдын ала талдауда расталды. Мутацияның жана түрі өте қауіпті, өйткені оны жұқтырған адам үшін өлім қаупі жоғары, жаңа штамм адамның иммунитетіне қатты әсер етеді. Ал қалған 39 пайызында «британдық» штамм анықталды» дейді елорданың бас мемлекеттік санитар дәрігері Сархат Бейсенова.

Денсаулық сақтау министрлігі үнді штаммы жұқса, аурудың ауыр өтетінін ескере отырып, өңірлерді дәрі-дәрмекпен, өкпені жасанды желдету аппараттарымен, жеке қорғаныш заттары, резервтік төсек-орын қорымен қамтамасыз ету жайын пысықтады. Дерт жұқтырған науқастарға медициналық көмек көрсету үшін жедел жәрдем қызметі мен мобилді бригадаларды дайындау қажеттігі ескерілді. Сонымен қатар өңірлердегі эпидемиологиялық тұрақтылықты ұстап тұру үшін жергілікті атқарушы органдар вакцинация қарқынын арттырып, халықтың көп бөлігін тезірек вакцина алу, маска режимі, әлеуметтік арақашықтық сақтау сынды негізгі алдын алу шаралары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейтуі тиіс.

Елордада қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қосымша карантиндік шектеулер енгізу жайы әкімдік тарапынан қарастырылды. Коронавирустың таралуына жол бермеу шаралары елорда әкімі Алтай Көлгіновтің басшылығымен өткен қалалық штаб отырысында айтылды. Әкім коммуналдық қызметтердің, құрылыс компанияларының, оқу



орындарының, бизнес саласы, ЖЕУ және басқа да ірі кәсіпорындардың өкілдерімен кездесіп, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және коронавирустың таралуына жол бермеу мақсатында еңбек ұжымдарын вакцинациялауды қарқынды жүргізу қажеттілігін жеткізді. Коронавирусқа қарсы вакцина алғандардың саны аз болып, ұжымдық иммунитетті қалыптастыра алмаған жағдайда аталған нысандардың жұмысын тоқтатуға тура келуі мүмкін.

АСҚЫНБАС ҮШІН АЛДЫН АЛ!

Жалпы коронавирустың елде таралуы соңғы аптада 4 пайыз арқан. Бұл алдыңғы аптамен салыстырғанда Нұр-Сұлтан қаласында

тіркелген науқастар санының 40 пайызға өсуімен байланысты. Бұған көрші елдерде аурудың асқынуды қосылып, Үкімет басшысы Асқар Мамин мемлекеттік шекарада бақылауды күшейту керектігін айтты. Дегенмен елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай бақылаудан шығып кеткен жоқ. «Сары аймақта» – 6 өңір, «жасыл аймақта» – 10 өңір тұр. Жалғыз елорда – «қызыл аймақта». Ал республика – «сары аймақта». Елордада вирус жұқтырғандар саны азаймауы мұнда қабылданып жатқан шаралардың жеткіліксіз және вакцина салу қарқыны төмен екенін көрсетеді. Бүгінгі таңда елде 2,8 млн-нан астам адам бірінші компонентті, 1,7 млн-нан астамы екінші компонентті алды.

Бірақ еліміздің бірқатар өңірінде тұрғындарды коронавирусқа қарсы вакцинациялау көрсеткіші төмен. Маңғыстау, Қостанай, Павлодар, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды, Жамбыл, Алматы облыстарында 1-компонент вакцина алғандар саны орташа республикалық көрсеткіштен аз.

Енді, міне, үнді штаммының шығуы мемлекеттің шұғыл шектеу шаралар жасауына әкелді. Тіпті Премьер-министр Асқар Маминнің өзі Қарағанды фармацевтикалық зауытында шығарылған «Спутник V» вакцинасын салдырды. Үкімет басшысы Нұр-Сұлтан қаласындағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаңдату бойынша іс-шараларды қабылдауды тапсырды.



ҚАЙ МАМАНДЫҚ ҚАТ БОЛЫП ТҰР?

Жыл басынан Нұр-Сұлтан қалалық Жұмыспен қамту орталығының көмегіне 8762 адам жүгінді. Орталыққа келушілер қатарында бос жұмыс орындарын іздеуші әртүрлі жастағы тұрғындармен ерекше қажеттілігі бар жандар және пробациялық тіркеуде тұрғандар да бар.

Былтыр Жұмыспен қамту орталығы елорданың 29709 тұрғынын қабылдап, оның ішінде 19291 адамды жұмысқа орналастырды. Ал жыл басынан бері мұнда 8762 адам жұмыс іздеп келсе, олардың 5 мыңнан астамы жұмысқа орналасты. 2515 адам тұрақты жұмыс орнын тапты. Қазіргі уақытта Жұмыспен қамту орталығында 4955 адам жұмыссыз ретінде есепте тұр.

Орталық мамандары жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынасты жолға қойғанын айтады. Соған сай мамандар олардағы бос жұмыс орындары бойынша мәліметтерді жинайды. Сонымен бірге интернеттегі жұмыс берушілерге, жұмыс іздеушілерге арналған сайттарға мониторинг жүргізіледі.

Апта сайын Жұмыспен қамту орталығының қызметкерлері жұмыс берушілер, Кәсіпкерлер палатасының, қала әкімдігінің Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы өкілдерінің қатысуымен онлайн-кеңес өткізеді. Жыл басынан бері осындай 14 онлайн-кеңесу ұйымдастырылды. Жалпы жұмыспен қамту орталығы қаладағы 45569 жұмыс берушімен қарым-қатынас орнатқан.

Елорданың еңбек нарығында құрылыс, сауда, тамақтану және денсаулық сақтау саласындағы

мамандар, әсіресе жұмысшылар, жүк көліктерінің жүргізушілері, монтажшылар аса сұранысқа ие. Қаладағы құрылыс қарқынының өсуіне байланысты прорабтар, шеберлер, тас қалаушылар, арматуриштылар, инженер-сметашылар, бетоншылар, өндірістік-техникалық бөлімнің инженерлері де сұранысқа ие мамандықтардың қатарына шықты.

Сондай-ақ сатушылар, кассирлер, менеджерлер, супервайзерлер және мерчендайзерлерге де сұраныс жоғары. Қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру, медицина, педагогика саласында да кадр тапшылығы байқалады.

Орталық сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқыту курстарын ұйымдастыруды қолға алған. Биыл Жұмыспен қамту орталығы арқылы 200 адам кәсіптік білім беруді, қайта даярлау курстарында оқыды. Ал 146 елордалық кәсіптік білім алып жатыр.

Өткен жылы елордада жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін 561 жабаға грант берілгені хабарланды. Биыл тағы 400 грант беру жоспарланып отыр. Оларды халықтың әлеуметтік осал тобына жалғастыруды, көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасылар, мүгедектері бар жандар ала алады. Қазіргі таңда 176 грант мақұлданып, 150 грант төленді.

Мемлекеттік гранттарды алуға жұмыссыздар, «Бизнес бастау» жобасы бойынша оқу курсынан өткен кәсіпкерлер немесе бағдарламаның бірінші бағыты аясында оқуын аяқтаған кәсіпкерлер үміткер ретінде қатыса алады. Бағдарламаға қатысушыларға 200 айлық есептік көрсеткіш (583 мың теңге) көлемінде қайтарымыз грант беріледі.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жұмысқа орналастырудың белсенді шаралары, оның ішінде «Жастар практикасы», «Бірінші жұмыс орны» сынды жобалар іске асырылуда. Сондай-ақ жазғы демалыс кезінде студенттер мен жоғары сынып оқушыларына арналған «Қоғамдық жұмыстар» бағдарламасы басталды. Бос орындар туралы ақпарат күн сайын жаңартылып, Instagram әлеуметтік желісіндегі @czn_astana және @czn.kz парақшаларында жарияланады. Сондай-ақ оны күн сайын «Astana FM» радиосының эфирінен 11.00-де орыс тілінде және 16.00-де қазақ тілінде тыңдауға болады.

Қажет мәліметтерді Жұмыспен қамту орталығының мамандарына хабарласып біле аласыз: 57-88-88, 57-87-00, 8 777 116 82 76.

КАРАНТИНДІК ТАЛАПТАР КҮШЕЙТІЛДІ

Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың төрағалығымен өткен коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссияның отырысында елордада карантин режимін күшейту туралы шешім қабылданды.



Сонымен, бас қалада сенбі және жексенбі күндері азық-түлік емес, тек тауарлар сататын сауда, ойын-сауық орталықтарының, сауда орталықтарының, сауда желілерінде, COVID-19-ға қарсы жаппай вакцинация пункттерінің орналасуына қарамастан, олардың жұмыс істеуіне тыйым салынады. Ал жұмыс күндері бұл нысандар сағат 17:00-ге дейін жұмыс істейді. Сенбі

және жексенбі күндері ғимарат ішіндегі қоғамдық тамақтану орындары, яғни мейрамханалар, дәмханалар, барлар, асханалар да жұмыс істемейді. Жұмыс күндері бұл нысандар 7.00-20.00 аралығында ғана қызмет көрсетеді. Ал сыртта ашық аспан астында сағат 7.00-22.00 аралығында жұмыс істей алады. Бұл талаптар Ashyq жобасына қатысатын нысандардан

басқасына қойылады. Азық-түлік сатпайтын жабық базарлардың демалыс күндері жұмыс істеуіне тыйым салынады. Олар жұмыс күндері сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін қызмет көрсетеді. Сонымен қатар санитарлық талаптарды сақтауға да, ашық аспан астында 100-ден астам адамның қатысуымен жаппай іс-шараларды өткізуге тыйым салынады.

ЕКПЕ АЛМАСАҢ – ПТР-ТЕСТ МІНДЕТТІ

Үнді штаммының шығуы әдеттегі сақтық шараларына біраз өзгеріс әкелді. Ендігі жерде екпе алудан бас тартқан адамдарға ұдайы ПТР-тест тапсыру міндеттеледі.



Ведомстваралық комиссия ҚР бас мемлекеттік санитар дәрігеріне карантин режимі бойынша ұсынған

қосымша шаралар ішінде сол туралы айтылған. Сонымен, біріншіден, тұрақты медициналық қарсы

көрсетілмдері бар және ауырып шыққан адамдарды қоспағанда, COVID-19-ға қарсы вакцина алмағандар, яғни қызмет көрсету саласының қызметкерлері, ірі ұйымдастыру ұжымдар, өнеркәсіптік кәсіпорындар қызметкерлерінің жұмысқа кіруі шектеледі. Олар екпе алмаған жағдайда ПТР-тест тапсыруға міндетті болады. Екіншіден, Ashyq жобасына жаңа кәсіпкерлік субъектілерін қосу, сондай-ақ жоба аясында жұмыс істеп тұрған субъектілердің жұмысын одан әрі жалғастыру үшін тұрақты медициналық қарсы көрсетілмдері бар және ауырып шыққан адамдарды қоспағанда, барлық персоналды вакцинациялау қажеттілігі жөнінде талап енгізілді. Сонымен қатар Ashyq жобасына сауда, ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері мен азық-түлік сатпайтын базарлар қосылады.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №72 (4196) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2021 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Terі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains names and dates for social support recipients.

Table with columns: Кезек нөмірі, Terі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains names and dates for social support recipients.

Table with columns: Кезек нөмірі, Terі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат. Contains names and dates for social support recipients.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, Status. Rows include entries like 7746 СЫҒАЙ КҮЛМХАН, 7747 ТАСИЛОВА ЛЯЗЗАТ, 7748 АЛИЕВА АСЕМГҮЛ, etc.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, Status. Rows include entries like 7791 АБИЕВА АЙГУЛЬ, 7792 КҮЛМАНОВА ГАУХАР, 7793 РАХИМОВА КҮНДҮЗАЙ, etc.

Table with 5 columns: ID, Name, Surname, Date, Status. Rows include entries like 7836 ГАЛЬСТЕР ЗАУРЕШ, 7837 ХАСАНОВА АЛИЯ, 7838 КОРОЛЬКОВА КИРА, etc.

ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!!!

«Астана-Теплотранзит» АҚ жылу магистральдарын тығыздылыққа гидравликалық сынауларды дайындауға және өткізуге байланысты 2021 жылғы 28 маусым-2 шілде аралығында Байқоңыр ауданында ыстық судың берілуі тоқтатылатынын хабарлайды.

Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 18 маусымдағы ұйғарымымен «АС ratners» ЖШС-на БСН 070340010921 қатысты ақтау процедураларын қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары! «Столичная дезинфекция» ЖШС 24.06.2021 жылдан бастап Нұр-Сұлтан қ. таяу су айдындарында және ашық станцияларда маса-шіркейлерді жою жұмыстары басталатынын хабарлайды.

Сұрақ: Қандай жағдайларды АХАТ органдарының жазбаларына өзгеріс енгізуге болады және бұл сұрақпен қайда жүгінуге қажет?

Жауап: Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодексінің 13-бабының 2-тармағына сәйкес, азаматтық хал актілерінде жазылған жазбаларға өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініштер өтініш берушінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген АХАТ органына беріледі.

баланың аты, тегі, әкесінің аты өзгерген кезде; 4) дәрігерлік-біліктілік комиссияның қорытындысына сәйкес баланың жынысы өзгерген кезде; 5) некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) анасының баланың туу туралы акт жазбасына баланың әкесі туралы мәліметтерді енгізу, сондай-ақ оның өтініші бойынша көрсетілген (көрсетіледі) баланың атын өзгерту (бұл баланың мүдделерінен туындаған кезде), әкесі туралы мәліметтерді өзгерту, толықтыру және алып тастау туралы өтініші келіп түскен кезде;

10) азаматтық хал актілері жазбаларындағы қате мәліметтер сот тәртібімен анықталғанда; 11) әке болуды белгілеу туралы сот шешімі күшіні жойғанда; 12) егер баланың туғанын тіркеу кезінде оған тегі немесе есімі ата-анасының, немесе ата-анасының біреуінің тілегін ескермей берілсе (дау болмаған жағдайда); 13) егер туу туралы акт жазбасында баланың аты толық көрсетілмесе (кішірейтіліп, еркелетіп, қысқартылып көрсетілсе); 14) жынысының өзгеруіне байланысты атын, әкесінің атын (егер жеке басын қуаландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегін ауыстырған кезде;

баланың туу туралы акт жазбасында көрсетілгеннен өзге есімі болса; 20) егер азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде қателер (бұрмалаулар, мәліметтерді немесе жеке сөздерді жіберу) жіберілсе; 21) егер неке қиылғаннан (ерлі-зайыпты болған) кейін жұбайының (зайыбының) тегін алыу, туу туралы акт жазбасында әкесінің атын толықтыру және әкесінің аты бойынша берілген тегін өзгерту, түзету қажет болған кезде жүргізіледі.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН (ҚАЙТА ТІРКЕУДЕН) БАС ТARTУ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ?

Қазақстан Республикасының «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» заңының 11-бабына сәйкес Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: 1) заңды тұлғаны құрудың, қайта тіркеудің және қайта ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібінің бұзылуы, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заңына сәйкес келмеуі;

табылатын жеке тұлғаның Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 237, 238-баптары бойынша қылмыстары үшін жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар болса; 4-5) егер мемлекеттік тіркеу кезінде, мерзімдік төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылатын және мерзімдік өндіріп алулар туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша үш айдан астам берешегі жоқ тұлғаны қоспағанда, құрылтайшы (жеке тұлға және (немесе) заңды тұлға), оның құрылтайшылары, заңды тұлғаның басшысы, заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) болып табылатын заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы атқарушылық құжат бойынша борышкерлер болып табылса; 4-6) егер мемлекеттік қайта тіркеу кезінде, мерзімдік төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылатын және мерзімдік өндіріп алулар туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша үш айдан астам берешегі жоқ тұлғаны қоспағанда, жаңа құрылтайшылар (қатысушылар, мүшелер) және (немесе) үлесін иеліктен шығаратын тұлғалар атқарушылық құжат бойынша борышкерлер болып табылса; 5) жеке басты қуаландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттарды ұсынуы;

ЖАРҚЫН БЕЙНЕЛІ АДАМ ӨМІРДЕН ОЗДЫ

2021 жылдың 23 маусымда 76 жасында жарқын бейнелі азамат мемлекет және қоғам қайраткері АЛПЫСБЕКОВ ҚҰАНЫШ МАХМҰТҰЛЫ дүниеден озды.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық Кеңесі мен Астана қалалық филиалының Кеңесі марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Алпысбеков Қуаныш Махмұтұлы 1944 жылы 18 қарашада Ақмола облысы, Целиноград ауданы Новошимка ауылында дүниеге келген. 1967 жылы Новосібір темір жолы инженерлер институтын, 1980 жылы КОКП ОК жанындағы қоғамдық, ғылымдар академиясын бітірген.



Еңбек жолын Есіл теміржол станциясының кезекшісінен бастап, Тың өлкесі жол торабының Еремантау станциясының бастығына дейін көтерілді. Білімді, ұйымдастыру қабілеті жоғары, халықпен жұмыс істеуге бейімделген жас маман аудан, облыс басшыларының назарына ілініп, Еремантау аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, кейін Целиноград облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Кейін екі жыл Коммунистік партияның орталық комитетінің жанынан құрылған жоғарғы партиялық мектеп тыңдаушысы, Целиноград қаласы Совет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Целиноград қалалық атқару комитетінің төрағасы, Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитетінің инспекторы, Қостанай облыстық партия комитетінің хатшысы, Советтер Одағы Коммунистік партиясы Орталық комитетінің жауапты ұйымдастырушысы, Қазақстан Республикасы Көлік министрінің орынбасары, Ақмола облысының әкімінің орынбасары болды.



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

ЖЕҢІС ЖАЛАУЫН ЖЕЛЫРЕТКЕН

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен қала күніне арналған «Елорда – өнер өлкесі» атты Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан театрларының шығармашылық кездесуі аясында ақын, драматург Қанат Жүнісовтің «Жеңіс жалауы» әскери музыкалық спектаклі көрсетілді. Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігін арқау еткен бұл туындымен Ұлттық ұланның ән-би ансамблі жанынан құрылған театрдың тұсауы кесілді. Спектакльдің қоюшы режиссері – Дәурен Серғазин.

amangali.kalzhan@mail.ru

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Премьера 22 маусымда Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры сахнасында өтті. Осыдан 80 жыл бұрын осы күні сұрапыл соғыс басталғаны белгілі. Спектакльге арнайы келген Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова осыны атап өтіп, бұл қойылым ұлы Жеңісті жақындатқан аталарымыздың рухына тағзым ретінде сахнаға жол тартқанын

айтты. Қалекі театрының актрисасы Бақтыгүл Батырханова мен Қарағанды облыстық С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының дыбыс режиссері Сәуле Мұстафинаны «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапаттады.

Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі соғыс аяқталған соң он үш жыл бойы бүркеулі жатты. Тек 1958 жылдың 21 ақпанында «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде белгілі жазушы-публицист Кәкімжан Қазыбаевтың «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» очеркі жарық көрген соң, бұл туралы айтыла бастады.

Қаламгер мақаланы даңқты батырымыз Бауыржан Момышұлының нұсқауымен жазды. Спектакль батыр мен журналистің диалогынан басталады.

Осы тұрғыдан пьеса авторы Қанат Жүнісовтің біраз ізденіп, Рақымжан Қошқарбаевтың өмірі мен ерлігі жайлы деректерді ақтарғаны байқалады. Кәкімжан Қазыбаев (спектакльде – Бақыт Хаджибаев) Қошқарбаев туралы жүздеген материал жинап, көптеген мақала, «Найзағайдай жарқылдап», «Кернеген кек» повестерін жазды. Жазушы өмірден өтерінің алдында архивін өзінің сүйікті шәкірті,

белгілі публицист Жанболат Аупбаевқа тапсырды. Пьеса авторы Жанболат Әлиханұлымен кездесіп, кеңесті.

Рақымжан Қошқарбаев – Ақмола облысының тумасы. Ата-анасынан ерте айырылып, Тайтөбе балалар үйінде тәрбиеленді. Спектакльде соғыстың алдындағы өмірі де қамтылған. Әрине, көркем шығарма болған соң, автор қиялға да орын берген. Ауылдағы көріністерден өнерлі, өжет Рақымжанды көреміз. Бірақ негізгі екпін бас кейіпкердің ерлігіне қойылған.

АБАЙДЫ БІРГЕ ОҚИЫҚ!

Қазақтың ұлы ақыны, дана ойшылы, қазақ классикалық жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың шығармашылығына арналған «Абай оқулары» жыл сайынғы әдебиет байқауы жарияланды. V Абай оқулары 30 тамызға дейін өтеді.

Жобаның мақсаты – Абайдың әдеби мұрасын насихаттау, қазақстандық жастардың оқу мәдениетін, әдеби талғамын қалыптастыру. Байқаудың шарты бойынша қатысушылар ақынның кез келген шығармасын қазақ, орыс, ағылшын және басқа тілдерде мәнерлеп оқып, әлеуметтік желіге салу қажет. Сондай-ақ түсірілген бейне Facebook немесе Instagram әлеуметтік желісіне #біздің-Абай, #Абайәдебиетэстафетасы, #ЕлбасыкітапханасыАбай хэштегтерімен жүктелуі тиіс.

Жамбыл Жабаев саябағында Тұңғыш Президент-Елбасы кітапханасының «Тәуелсіздіктің мәдени коды» жобасы аясында «Жыр алыбы – Жамбыл» әдеби ревью өтті. Поэзия кеші ақынның 175 жылдығына орайластырылған.

ЖЫР АЛЫБЫНА АРНАЛДЫ



22 маусым – ақын өмірінде де, халық тарихында да үлкен мағынаға ие күн. Біріншіден, бұл Еске алу және аза тұту күні, орыс, ағылшын және басқа тілдерде мәнерлеп оқып, әлеуметтік желіге салу қажет. Сондай-ақ түсірілген бейне Facebook немесе Instagram әлеуметтік желісіне #біздің-Абай, #Абайәдебиетэстафетасы, #ЕлбасыкітапханасыАбай хэштегтерімен жүктелуі тиіс.

маусымында 99 жасында өмірден озды.

– XX ғасырдың Гомері атанған ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойы ел тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келді. Жыраудың әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған шығармалары 50-ге жуық жаһан тіліне аударылған, – деп Елбасы кітапханасының директоры Бақытжан Темірболат іс-шараны ашты.

Әдеби ревью барысында ақын-

ның өшпес өлеңдері мен әндері шырқалды. Қатысушыларға соғыс және тыл ардагерлері үндеу жолдап, Қазақстанның қазіргі жазушылары мен ақындары сөз сөйледі. Олардың бірі, Ұлы Отан соғысының 101 жасар ардагері Абдурахман Сафаров майдандағы естеліктерімен бөлісіп, жастарға батасын берді. Ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған шараны Алматы облысындағы Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейі туралы бейнеролик пен Елбасы кітапханасы, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі архивінен алынған бейнематериалдар толықтырды.

– Жамбыл бабамыздың есімі елордамыз үшін ерекше ыстық. Мәселен, ұлы ақынның құрметіне тұрғызылған бұл ескерткіш 2008 жылы астананың, 10 жылдығын атап өту тұсында бой көтеріп, бас қаланың санаулы әдеби ескерткіштері қатарына кірді. Нұр-Сұлтан қаласындағы Жамбыл Жабаев көшесі мен Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия да жырынның құрметіне аталған. Оның шығармашылығы – XX ғасыр әдебиетінің асыл маржаны, – деді Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Ермек Қизатов.

ӘЛЕМДІК БЕСТСЕЛЛЕР – ҚАЗАҚША

«Фолиант» баспасынан танымал америкалық жазушы Стивен Кингтің «Жасыл миль» кітабы тұңғыш рет қазақ тілінде жарық көрді.

Стивен Кинг – көптеген бестселлер туындылардың авторы. Оның фэнтези, мистика, триллер, детектив, ужас сияқты түрлі жанрларда жазған 300-ге жуық әңгімесі мен романдары бар. Жазушының детектив жанрындағы шытырман оқиғаға толы түрме, қылмыс әлемі туралы жазылған романдары да үлкен сұраныста. Солардың бірі – «Жасыл миль» романы.

Жазушы «Жасыл миль» («The Green Mile») шығармасын 1996 жылы аяқтаған. Жұрттың ерекше ықыласына ие болған бұл роман желісі бойынша 1999 жылы көркем фильм түсірілді. Жиырма жылдан асса да, бұл фильм әлі күнге дейін әлемдегі үздік фильмдердің көшін бастайды.

Романда Луизиана штатында орналасқан Суық Тау түрмесіндегі оқиғалар суреттеледі. Өлім жазасына кесілгендерді жазалауға арналған Олд Спарки электр орындығына апаратын дәлізді тұтқындар Жасыл миль деп атап кеткен. «Жасыл миль» – жазушының мистикалық шығармаларының бірі. Суық тау түрмесінің бұрынғы бақылаушысы, бас кейіпкер Пол Эджумның естеліктері ретінде баяндалатын оқиға бір адамның ғұмырына таиды. Жазушы зұлымдық пен мейірімнің тартысын, тараздығын түскен



адамгершілік құны мен өмірдің баянсыздығын оқырманға ерекше тәсілмен жеткізген. Өмірдің сан алуан соққысына тойтарыс беруге үйретеді. Шығармадағы Джингльз мырза атты тышқанның өзі адамзатқа ғибратты сабақ береді. «Стивен Кингтің жазу стилі өте ерекше. Ол оқырманды шығарманың басынан бастап-ақ еліктіріп, елігіп әкетеді» дейді романды қазақ тіліне аударған Мира Сембайқызы.

«Өзекті жанға бір өлім, одан ешкім құтылған емес. Оны білем. О, Жаратқан, кей-кейде жасыл миль де тым ұзын болып кетеді екен ғой» дейді Пол соңғы сөзінде. Шынымен де, өлімнен ешкім құтылған емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Ержан
ЖҮНИСОВ

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Шеф-редактор –
Төлен ПІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №973

Баспахананы Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «KOMEK INV» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-61
Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Шынболат КҮЗЕКБАЕВ